Кудасова Дариха Ерадиловнаның 6D070100 – Биотехнология мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынған
«Биологиялық белсенді ингредиенттерді пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында микрокапсуляциялау технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс «Биологиялық белсенді ингредиенттерді пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында микрокапсуляциялау технологиясын әзірлеу» тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізуге негізделген. Д.Е. Кудасованың алдына қойған мақсаты - биологиялық белсенді ингредиенттерді екпе дақылдарға пайдалану тиімділігін арттыруда микрокапсуляциялау технологиясын әзірлеу болып табылады. Диссертациялық жұмысын жасауда ғылыми нәтижелерін Д.Е.Кудасова шетелдік және отандық конференцияларда баяндаған.

Д.Е. Кудасованың диссертациялық жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Биотехнология» кафедрасында 2017-2020 жылдар аралығында орындаған.

Ғылыми жұмыстарды жасау кезінде Д.Е.Кудасова өзін жауапкершілігі бар, еңбеккор маман ретінде көрсетті. Аналитикалық шолу жасағанда көп көлемде әдебиеттерді өңдеген, онда шет тілінде шыққан басылымдармен танысқан. Қойылған міндеттерді шешу үшін Қазақстандық және шетелдік заманауи әдістер мен құралдарды қолданған. Оның ішінде: Растрлық-электронды микроскоп, ИҚ спектрофотометр және т.б.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде, стимуляторлардың биологиялық және физиологиялық белсенділігіне скринингтік зерттеулер жүргізу және олардың негізінде стимуляторларды таңдау, микрокапсуляциялау әдісін таңдау және ынталандырғыштарды микрокапсуляциялау жағдайларын зерттеу, микрокапсулалардың морфологиялық және физиологиялық сипаттамаларын зерттеу, өсімдіктердің өсіруді реттегіштерін микрокапсуляциялаудың ғылыми-негізделген технологиясын әзірлеу жүргізілді. Жұмыстың нәтижесінде ішінде Скопус (процентиль 90%) базасындағы журналдарда 1 мақаласы жарияланған.

Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша өсімдіктер дамуының бірінші кезеңінде, ең алдымен, өсімдіктердің тамыр жүйесінің дамуына жауап беретін ауксиндер – фитогормондар өте маңызды. Бұл жұмыстың мақсаты, ең алдымен, ауксин белсенділігі бар өсімдіктер дамуының келешегі бар реттегіштерін іздеу және анықтау болды.

Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ-нің 2018-2020 жылдары қаржыландырылған AP05132810 «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді қарқындату мақсатында биологиялық белсенді заттар мен өсімдіктер дамуының түбегейлі жаңа стимуляторларын микрокапсулалау

технологиясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбы бойынша грантын жүзеге асыру аясында орындалды (2018-2020 жж.).

Д.Е.Кудасованың диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалықтар мен практикалық бағалығы жағынан ғылым дамуына үлкен үлес қосады. Диссертациялық жұмысты теория және практика жағынан аяқтаған зерттеу ретінде қарастыруға болады.

PhD диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес және Д.Е.Кудасова PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

М.Әуезов атындағы
Оңтүстік-Қазақстан университетінің,
«Биотехнология» кафедрасының
х.ғ.к., доцент — Б.Ж.Муталиева

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы